

8D07101 – Технологиялық машиналар мен жабдықтар мамандығы бойынша ұсынылып отырған Мурсалыкова Майгуль Тауржановнаның «Максары майын өндіру мақсатында престоу процесін қарқынлату» атты диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Қазақстан Республикасындағы тамақ өнеркәсібін дамытудың басты бағыттарының бірі – май өндірісі. Экономикалық көзқараспен қарағанда, Қазақстанда май өнеркәсібі күннен-күнге танымалданып, даму үстінде. Әсіресе қазіргі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес шағын және орта өндіріс кәсіпорындарын дамытудың түйіні шешілмей келе жатқан өткір мәселердің бірі. Мұндай мәселені шешудің оңтайлы жолы, қысымның біркелкі таралуына қамтамасыз ететін диафрагманы реттеуші механизмді қолдану арқылы престоуші шнекті жетілдіру. Жүргізілген тәжірибелер және сараптамалар, өсімдік майын алу процесінде диафрагманы реттеуші механизмді қолдану арқылы престоуші шнекті жетілдіру оңтайлы екенін көрсетті. Осы тұрғысында диссертациялық жұмыс шағын және орта май өндіріс кәсіпорындарында май өнімдерін өндіру технологиясын престоу әдісімен шешуге арналған. Сондықтан М.Т. Мурсалыкованың диссертациялық жұмысының тақырыбының өзектілігі қазіргі заман қажеттілігінен туындаған мәселелерге байланысты алынған.

Диссертациялық жұмыс өзекті мәселелерді шешуде қойылған мақсаттарға сәйкес теориялық және тәжірибелік тұрғысында зерттеліп, престоу процесін қарқынлатудың жаңа қырларының ғылыми нәтижелерін берген. Диссертациялық жұмыс өзінің ішкі бірлігін сақтай отырып, теориялық және тәжірибелік зерттелген ғылыми нәтижелер сәйкестіктері дәлелденген. Ғылыми нәтижелерді престоу процесін зерттеуде пайдалану мағынасында инженерлік есептеу әдістемесі негізінде ұсынылған. Қолданбалы шешімдерінің нәтижелері арнаулы ресми құжаттармен және техникалық жаңалығының шешімі Қазақстан Республикасының пайдалы модель патенті арқылы расталған. Осы мәліметтерден диссертациялық жұмыс жаңа ғылыми негізделген теориялық және тәжірибе тұрғысында зерттелген нәтижелер мен қағидалардың жиынтығынан тұрады.

Барлық бөлімде зерттеу жұмыстары бір-біріне ұштаса жүргізіліп, май өндірісінде престоу процесін қарқынлату жолдары қарастырылған. Сондықтан докторанттың диссертациялық жұмысы өзінің мақсатына сәйкес, алынған нәтижелері өзара байланысты, ішкі бірлігі сақталына отырып орындалған.

Диссертация тақырыбына сай ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 15 ғылыми жұмыс, оның ішінде Scopus және Web of Science халықаралық базасына кіретін журналдарда 3 мақала, Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарда 5 мақала, Семей қаласы Шәкәрім университетінің хабаршасында 1 мақала, ҚР өнертабысқа 1 патент, пайдалы модельге 1 патент алынды.

Мурсалыкова Майгуль Тауржановнанын 8D07101 – Технологиялық машиналар мен жабдықтар мамандығына сәйкес «Мақсары майын өндіру мақсатында престоу процесін қарқындату» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми негізделген теориялық және тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізген құнды еңбек болып табылады. Мурсалыкова М.Т. PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

техника ғылымдарының докторы,  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық зерттеу  
университетінің профессор м.а.



А.Л. Касенов

